

Ұзынкөл ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 14 шілдедегі № 1 "Алғабас, Бұлақты, Ұзынкөл, Қайнар ауылдарының көшелеріне атаулар беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақмола облысы Ұзынкөл ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 7 ақпандағы № 1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 24 ақпанда № 5780 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, Ұзынкөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ұзынкөл ауылдық округі әкімінің "Алғабас, Бұлақты, Ұзынкөл, Қайнар ауылдарының көшелеріне атаулар беру туралы" 2010 жылғы 14 шілдедегі № 1 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-6-136 болып тіркелген, 2010 жылғы 27 тамызда "Маяк" аудандық газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізсін:

шешімнің кіріспесі келесі редакцияда жазылсын:

""Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, халқының пікірін ескере отырып, Ұзынкөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ұзынкөл ауылдық
округінің әкімі

Ж.Мухамеджанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Астрахан ауданының
"Мәдениет және тілдерді
дамыту бөлімі" мемлекеттік

Г.Карасаева

мекемесінің басшысы

06.02.2017 ж.

Астрахан ауданының
"Құрылыс, сәулет және
қалақұрылысы бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

Н.Кулаков

06.02.2017 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК